



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ

2-ТОМ ОРТА ҒАСЫР ФИЛОСОФИЯСЫ

Орта ғасырдағы метафизика





Мақсат – Орта ғасыр философиясындағы, соның ішінде Ибн Сина және Акуинолық Томас іліміндегі метафизика мәселелеріне талдау жасау.

Жоспар

Ибн Сина болмыс, мән және тіршілік ету жайында.
Акуинолық Томас әлеуеттілік және өзектілік жайында.

Түйін сөздер

Метафизикалық ойлау, болмыс ретіндегі болмыс, әлеуеттілік және өзектілік, мән және болмыс, габитус, диспозиция, даралық, актуализация.

Метафизикалық ойлау туралы жазбалар кейінгі неоплатондықтар мен Аугустиннің мұраларында көптеп кездеседі. Алайда олардың еңбектері Құдайдың табиғатын талдаумен тығыз байланысты болғандықтан, ондағы метафизиканы дінтанудан (теологиядан) ажыратып алу қиын. Сондықтан Кенни оларды осы томның Құдай туралы тарауында қарастырады. Заманымыздың бірінші мыңжылдығының ең ұлы метафизигі болған ибн Синаның философиясына келгенде, бұл жағдай мүлде басқаша сипат алады.

Аристотель философияға екі түрлі анықтама берген: біріншісі – құдайлық субстанция туралы ілім; екіншісі – болмыс туралы ілім теориясы. Кеннидің ойынша, бұл екі анықтама бір-бірімен сәйкес келеді. Осылайша, теология мен болмыс туралы ғылым болмыс ретінде алғашқы анықтамадағы философияны білдіреді деуге толық негіз бар. Аристотель көзқарастарына қатысты пікір білдірушілер, метафизиканың мәні туралы әртүрлі тұжырымдарын ұсына отырып, бұл екі анықтаманы әр түрлі деп қабылдайды. Ибн Сина «Метафизика болмысты болмыс ретінде зерттейді» деген тезисті қабылдаса да, «Құдай – метафизиканың нысаны» деген идеяны құптамады. Оған себеп – ешбір ілім өз болмысының мәнін көрсетіп бере алмайды. Метафизика ғана Құдайдың болмысын көрсететіндіктен, Құдай метафизиканың мәні болып саналмайды.

Метафизиканың нысаны болған болмыс – оның бар екенін дәлелдеуді қажет етпейтін нәрсе. Метафизика болмыстың құрамдас бөліктерін материалдық объектілер сияқты жекелей емес, толықтай зерттейді. Оның зерттеу объектісіне болмыстың түрлері болып есептелетін аристотельдік категориялардағы мәндер жатады. Ол бірлік және жиынтық, әлеуеттілік және өзектілік, жалпылық және жекелік, болжамдық және қажеттілік сияқты жаратылыстану, математикалық, сондай-ақ этикалық пәндерден тыс тақырыптарды зерттейді. Бұл «Құдайлық ілім» деп аталады, себебі ол «өз анықтамалары мен болмысы бойынша материядан бөлінген мәндерге» жатады.

Ибн Синаның ойынша, рухқа әсер еткен алғашқы идеялар – зат, болмыс және қажеттілік, оларды бізде белгілі идеялардың ешқайсысымен түсіндіру мүмкін емес. Ал бұлай жасауға әрекеттену, керісінше, қате түсінікке алып келеді. Әрбір заттың мәнін негіздейтін өз шынайылығы бар. Егер үшбұрышты үшбұрыш ететін өзінің шынайылығы бар десек, шындықты шындық ететін де өзінің шынайылығы болады. Мұны оның болмысы деп атаймыз. Алайда оны дәл сипаттайтын техникалық термин – «quiddity». Бұл сөздің қолданылуы орынды, өйткені «болмыс» та бар нәрсенің белгілерін көрсетеді.

Болмысты қажетті және мүмкін болмыс деп бөлудің маңызы зор (бұл «мүмкін емес болмыс бар» дегенді білдірмейді). Мүмкін болмыс деп тіршілікті қажет етпейтін, қажетті болмыс деп тіршілікті қажет ететін болмысты айтады. Себебі бар болмыс сол себебінен ажыратылып бөлек қарастырылатындықтан, қажетті болмыс болып танылмайды. Кенни осы жерде тіршілікті қажет ететін алғашқы мәндердің болмысын ибн Синаның үзіндісінен алып көрсетеді. Ибн Сина осы қажетті болмыстың мынадай сипаттарын көрсетеді: себебі жоқ, салыстыруға келмейді, қайталанбас және т.с.с.

Ибн Сина бастапқы кезде бейболмыс болып, кейінгі кезеңде осы болмысқа ие болған деген көріністі жобалайды. Бұл да «Х» іспетті, бастапқыда «Х» жоқ еді, ал кейіннен «Х» пайда болды. Бұл бастапқыда бір формаға, кейіннен басқа формаға өзгерген негізгі мәннен мүлде өзгеше. Аристотельдің жүйесіндегідей, бір уыс балшық әртүрлі формаларға ие болады немесе бір элемент басқа түрге трансформацияланады. Алайда біздің нақты қандай метафизикалық мән екеніміз беймәлім. Жоқтан бар болған (және керісінше) субъект әлем бе, түр ме, адам



ба? Ибн Сина осы үзіндіні оқып отырғанымызда біздің ойымызда «бір кездері бұл әлем жоқ болған» немесе «мұнда динозаврлар болған, ал қазір олар жоқ» немесе «бастапқыда Сократ жоқ еді, ал кейін бар болды» деген ойлардың туындауын қалай ма? Осы ойлардың әрқайсысы метафизикалық проблемаларды қозғайды, алайда біз ең айқын әрі ең күрделі соңғысына көңіл бөлуіміз қажет, – дейді Кенни. Әрине, Сократ пайда болғанға дейін мұндай субъект онымен байланысты предикаттарға ие болмаған еді, ойды былай жеткізуге де болады: жоқ нәрсені істейтін айналада Сократ болған жоқ. Өмірге келмеген, жоқ адамдар туралы сөз өрбіту жоқ нәрсені дараландыруға болмайтынына байланысты қиындық тудырса, «болмысты» қалайша дараландыра алмақпыз? Аристотель белгілі бір адам басқалардан өзге мәндегі материядан тұратындығымен ерекшеленеді деп есептейді. Алайда мүлде жоқ болған нәрсе материалды әлемнің бөлігі саналмайды, сондықтан оны материя арқылы дараландыруға да болмайды. Дегенмен ибн Сина материяның жалғыз индивидуалды ерекшелік екенін қабылдауы қажет пе?

Осыған жауап беру үшін ибн Синаның универсалиялар мен дербес бөлшектер арасындағы өзара байланыстар туралы көзқарасына назар салуымыз керек. Оның айтуынша, тұжырымдама әртүрлі жолмен әмбебап бола алады. Бұл адам секілді көп заттың нағыз предикаты болатындай нәрсе болуы мүмкін. Ол логикалық тұрғыда көп затты сипаттайтын, бірақ шын мәнінде оларға негіз бола алмайтын нәрсе болуы да ғажап емес. Мұнда екі түрлі жағдай бар. Жетібұрышты үй концепциясына сәйкес, шын мәнінде әрбір нәрсе еш нәрсеге негізделмеген, алайда сан рет қайта жаратылған осы жалпы болмысты тоқтататын ештеңе жоқ. Күн тұжырымдамасы шын мәнінде бір ғана мысалға негізделеді және шындығында бір заттан көпке негізделе алмайды. Оның айтуынша, бұл шектеулік логикаға емес, физика мәселесіне жатады. Жеке тұлғалар сан алуан болып келеді. «Адам – тек жеке танылатын, көп ретінде тануға келмейтін нәрсе, мұнда Зейдтің болмысындағыдай, ол өзінен басқа біреулерге тиесілі деп таныла алмайды».

Енді «жылқы» ұғымын алып қаралық. Оны үш жолмен: оның болмысын даралыққа қатысты, немесе оның болмысының санаға қатынасында немесе ешбір болмысқа жатпайтын абстрактілі тұрғыдан қарастыруымызға болады.

Ибн Сина Платон секілді әрбір жеке жылқыдан басқа өздігінен жылқы секілді болмыс бар деп айтпайды. Жылқылық жеке жылқыда іске асады, бұл Беллерофонт немесе Эклипсте көрініс табады және оны осы индивидуалдылықтарды зерттеу арқылы зерделей аламыз. Сондай-ақ, ұғымның адамның ақыл-ойындағы алатын орнын да зерделейміз. Жылқы түсінігін айтқанда оны оп-оңай түсініп-білуге болады. Бұл ұғымды жылқының болмыстарда болуына байланысты абстрактілі түрде қарастыруымызға да болады. Әрі жылқыны өзінің аясында да қарастырамыз.

Жеке жылқыдағы жылқылық және адамзаттың жеке бір адамда болуы «ерекше қасиеттер мен арнайы акциденциялар» арқылы араласады, – дейді ибн Сина. Ибн Сина үшін жеке адамдағы адамзаттың өзі дербестенген. Зейдтің адамзаты мен Әмірдің адамзаты бір-бірінен ерекшеленбей тұрса да, оларды барлық жағынан бірдей деп айту қате саналады, өйткені оларда бір емес, екі адамзаттық бар. Ибн Сина үшін жекелік түрлі болмыс ретінде де көрінісін табады.

Жеке мәндерді ойлап табу жоқ мәндерді дербестендіруге жол ашады. Ол будың судан шығуын зерттеуде, бу формасын әуелі су болған затқа қосу секілді қарастыруға болатындай көрсетеді. Сократтың пайда болуын, оның болмысын бұрын болмаған мәнге қосу деп қарауға болады. Бұрыннан бар болмысты нақтылығы тіршілік болып саналатын әлеует ретінде қарастыруға болады. Осылайша, болмыс пен мән форма-материямен және субстанция-акциденциямен қатар, әлеуеттілік-өзектіліктің үшінші бөлігі ретінде пайда болады. Ибн Сина болмысты кейде мәнге қосылған акциденция деп атаған. Болмыстың қажетті жағдайда жоқтан пайда болуы туралы мәселе жоқ, сондықтан мән мен болмыс арасында айырмашылық туындамайды. Бірақ ибн Синаның пікірінше, олар басқа болмыстарда әр-түрлі. Ибн Синаның кезеңінен бергі кейбір философтар, Құдайдан басқа барлық жағдайда, мән мен болмыстың арасында едәуір айырмашылықтар бар деп есептейді. Ал кейбір философтар мұны жоққа шығарғанымен, барлығы да бұл мәселені маңызды деп есептеген. Алайда сұрақтың мәні, бұл «мәннің» осы тұрғыда жалпы мән немесе жеке мән екеніне байланысты.

Жекелеген мәндерді дәлелдеу бүгінгі күнге дейін ықпалды болса да, ол философиялық шатасуға жол ашып берді. Сұрақ қойып көрелік: Жеке-дара адамзат ретінде Ыбырайымның адамзаты өздігінен дараланды ма? ол өздігінен дараланған адамзаттылық емес: ол барлық



адамдарға ортақ бір нәрсе. Ол Ыбырайымға тиесілі болғандықтан дараланған жоқ, себебі ол бір адам болып өмір сүріп те дара бола алар еді. Егер Ыбырайым ешқашан жаратылмағанда, ол мәңгі мүмкін нәрсе болып қала беретін еді. Ибн Сина айтқандай, оны тек ерекше қасиеттер мен арнайы акциденциялар арқылы ғана сәйкестендіруге болатын, яғни шынайы Ыбырайым үшін ақиқат болған нәрселер – оның Урдан Халдейге қоныс аударуы, өз баласын құрбандыққа шалуды тапсырған Құдай бұйрығына мойынсұнуы және т.б. Әрине, Ыбырайымның мәні Ыбырайымның өмір сүруінен бұрын пайда болғандықтан, ол бұл нәрселердің нақтылығымен даралана алмас еді, бұл тек болжануы мүмкін дүние болатын. Алайда, Ыбырайымға жүкті болмай тұрып, ол әлеуеттілік болатын еш нәрседе де болған жоқ. Урдан көшетін, баласын құрбандыққа шалатын және т.с.с. әрекеттерді жасайтын адамның болуы туралы абстрактілі мүмкіндіктер ғана болды: бірақ бұл дәл осы адамның мүмкіндігі болмаған еді. Дәл осылай Нұхтың өзі болғанға дейін оның кеме жасауға еш мүмкіндігі болған жоқ. Тек әйтеуір біреудің кеме жасай алатыны туралы болжам болды. Ибн Сина Платонның «дараланусыз ешқандай өзектілік болмайды, болмыста шынайы жалпылықтар жоқ» деген көзқарасы үшін оған қарсы шықты. Оның өзектіліксіз индивидуализация болмайтыны туралы кері қағидатты қабылдамағаны өкінішті-ақ, – деп түйіндейді Кенни.

Ибн Синаның идеялары классикалық орта ғасыр кезеңінде де өзектілігін жоғалтпады. Оның ойлары Акуинолық Томас еңбектерінде жиі кездеседі. Томастың алғашқы «Болмыс пен мән туралы» атты метафизикалық манифесті ибн Синаның «Болмыс пен мән ақыл-есті баурап алатын алғашқы екі нәрсе» деген сөздерімен басталады. Оның пікіріне сүйене отырып, Акуинолық Томас Аристотель метафизикасының өзіндік жеке нұсқасын құрастырғанымен, ибн Синаның ықпалын жоққа шығарған емес.

Томастың метафизикасындағы басты түсініктер – өзектілік (актуалдық) пен әлеуеттілік еді. Сірә, ол бұл идеяларды Аристотель мен оның еңбектеріне түсіндірме жазушылардан алып отырған болса керек. Алайда Томас оларды жаңа салаларға өзгеше жолдармен енгізе отырып пайдаланды. Тіпті Аристотельдегі түсініктемелердің түйіндесуінің өзі бірінші және екінші өзектіліктер арасындағы айырмашылықты түсінуге сай өзгерді: Акуинолық Томас бұл айырмашылықты өзектілік пен әлеуеттілік деңгейлерінің стратификациясына айналдырды. Аристотельде өзектілік-әлеуеттілік құрылымының екі негізгі мысалы бар. Олар акциденция және субъект пен материя және форма қатынастары. Томас дихотомияның үшінші түрін – мән мен болмыстың қосындысын қабылдап құрастырады.

Акуинолық Томас «Теология суммасының», «Prima Secundae» еңбегіндегі бес сұрақты габитус түсінігіне арнаған. Бұл трактаттың (бағыты жағынан Аристотельдікіне ұқсас болғанымен, ерекше туынды) негізгі мақсаты – ізгілік түсінігін енгізу. Алайда габитус ұғымы бұдан да кеңірек қолданылатын. Шындығында, бұл – адамның ерекше іс-әрекеті мен тәжірибесінің сипатындағы маңызды элемент, тіпті ұлы философтардың өзі мұны кейде байқамай қалатын. Акуинолық Томас тұжырымдаманың маңыздылығын түсінді және алғашқы ұлы философ ретінде осыған кең көлемді талдау жүргізді.

Габитустың мысалдары ізгілік, қанағат және қайырымдылықтан бөлек, дерт пен денсаулық, сұлулық және беріктік, логика мен ілімді білу, кез келген түрдегі сенім және түсініктерді игеруді қамтиды. Мысалдардың сан алуандығы «габитус» сөзінің аударма ретінде қолданылмайтынын көрсетеді, оған мағынасы жағынан ең жақын философиялық термин – «диспозиция». Диспозиция ұғымы, өзектілік және әлеуеттілік түсініктері арқылы айқындала түседі. Адамдарда жануарларда жоқ көп мүмкіндік бар, мысалы, басқа тілдерді үйренуге, жомарттық жасауға қабілеттілік. Бұл қабілеттер жекелеген адамдардың белгілі тілде сөйлеуі немесе жомарттық жасаған сәттерінде жүзеге асады. Алайда әлеуеттілік пен өзектілік арасында да аралық бір жағдай бар. Біз бір адамның француз тілінде сөйлей алатынын айтқанымызда, оның шын мәнінде французша сөйлейтінін айтып тұрғанымыз жоқ, яғни оның сөйлейтін француз тілі қарапайым логикалық мүмкіндік екенін біліп тұрған жоқпыз. Адамды жомарт дегенімізде, басқа адамдарға қарағанда оның бойындағы кеңпейілділікке қабілеттілігінің көбірек екенін білдіргіміз келеді. Алайда оның дәл сол сәтте қазір жомарт әрекет жасап жатқанын назарда ұстамауымыз қажет. Француз тілін білу және жомарттық секілді жағдайлар – диспозиция. Томастың пікірі бойынша, диспозиция – қабілет пен әрекет арасындағы және таза әлеуеттілік пен толық өзектілік арасындағы орта жол.



Диспозициялар – әртүрлі сипаттар, олар аристотельдік акциденциялардың тоғыз түрінің біріне жатады. Субстанциялардағы акциденциялар да – диспозиция. Барлық сипаттар, Томастың айтуынша, субстанциялардың ақырғы сипаттарының ерекшелігі деуге болады. Ал адамның диспозициялары бүкіл адамзат болмысының диспозицияларына жатады. Сенім келтіруші де, жомарт та, дені сау да, ауызекі айтқанда, адамның ақылы, жүрегі мен денесі емес, оның өзі. Дегенмен айталық: «Тарихты жаза білу ақыл-естің немесе елестің «сыйы» ма?», – деп сұраудың еш мәні жоқ. Бір нәрсені «ақылдың немесе дененің диспозициясы ма» деп сұрау үшін, алдымен ол ақылы бар болмыстың адамына, әлде белгілі конституциядағы жануарға тиесілі екенін сұрап алу қажет.

Акуинолық Томастың субстанция мен акциденция арасындағы байланыс туралы сөзі, оның Аристотельдің ойларын дамытқанын көрсетеді. Алайда бір түсініктің жаңашылдықпен қолданылуы – Томастың Евхаристия жайындағы әңгімесі, яғни католиктер сенген бұл құпияда дін қызметшілерінің мінәжат кезінде айтқан сөздері арқылы нан мен шарап Исаның денесі мен қанына айналды. Нанның субстанциясы, оның айтуынша, Исаның денесінің субстанциясына өзгерді, содан соң транссубстанция орын алды, сондай-ақ сол мехрабта көрінген және сезілген нәрсе нанмен және шараппен болған акциденция ғана. Нанның пішіні, түсі және сол секілді сипаттары субстанциясыз қалады.

Субстанцияға тән акциденция тұжырымдамасының келісілгенін анықтау қиын. Бір жағынан, мысықсыз Чешир мысығының күлімсіреу идеясы сандырақ көрінеді; екінші жағынан, аспанның көктігі шынайы бір нәрседен көк болып тұрған жоқ және мүмкін бұл субстанциясыз акциденция болар. Алайда Әулие Томастың ойлары Исаның мехрабта болуын түсіндіре алмады. Дегенмен субстанция мен акциденция тұжырымдамасының нақты қолданылуы, өз кезегінде Аристотельді таңғалдырғаны сөзсіз, – деп жазады Кенни.

Акуинолық Томас үшін жекелеген мән мен жекелеген тіршілік ету арасындағы байланыс қалай болғанын анықтау оңай шаруа емес. Петрдің мәні мен Петрдің болмысы арасындағы шынайы айырмашылық, әйтпесе осы екеуінің Петрдің өзінен айырмашылығы бар ма? Мүмкін жоқ шығар? Петр, Петрдің мәні және Петрдің тіршілік етуі ұзақтығы жағынан бірдей, олардың барлығы, жалпы алғанда, Петрдің дүниеге келуінен бірнеше ай бұрын басталып, Петрдің өлімімен аяқталады. Дегенмен болмыс пен мәннің арасындағы өзекті айырмашылық жайында пікірталасты келесі жолмен жүргізуге болады. Кез келген жаратылыстың тіршілік етуі оның мәнінің дәл уақыты аралығына дейін сақталатыны шындық болса, бұл айырмашылық мынада: өз уақытындағы оның тіршілік етуі кейінгі уақыттағы тіршілік етуіне еш салдар қалдырмайды. Бұл өз уақытындағы тіршілік ету өзінен кейінгі тіршілік етуге қатысты салдарға ие болуы мүмкін дегенді білдіреді. Адамның белгілі бір уақыт аралығында өмір сүруге қабілеті бар; радиоактивті элемент белгілі бір уақытта істен шығуы мүмкін. Бұл тенденциялар сол мәндердің құрамдас бөлігі болып саналады: бұл заттардың дәл осылай жалғасын табу немесе тіршілігін тоқтату үрдісіне ие болуына байланысты. Мән сол үшін де болмыстан ерекшеленеді, ол себеп секілді формалды себеп, бұл жағдайда оның әсерінен ерекше.

Оның пікірінше, Құдай – таза болмыс. Біз Құдай жөнінде айтқанымызда тек болмыс пен мәннің арасында ғана емес, әлеуеттілік пен өзектіліктің басқа формалары – субстанция мен акциденция арасында, материя мен форма арасында ешқандай айырмашылық жоқ, өйткені ол – таза шынайылық. Бұл доктриналарды Кенни осы кітаптың дін философиясына арналған соңғы тарауында талдайды.

Осылайша, біз Энтони Кенни еңбегінің алтыншы тарауында қарастырған Орта ғасыр философтары Ибн Сина және Акуинолық Томас ілімдеріндегі метафизика сұрақтарын талдадық. Келесі дәрісте біз Орта ғасыр философиясындағы метафизика тақырыбын жалғастырамыз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Ибн Синаның көзқарасы бойынша метафизиканың пәні не?
2. Ибн Синаның айтуынша болмыстың қай түрі ең маңызды болып келеді?
3. Ибн Сина мән мен болмыс арасындағы айырмашылықты қалай түсіндіреді?
4. Ибн Сина бойынша дара мәндерді негіздеу қандай нәтижеге әкеледі?



5. Акуинолық Томас метафизикасының негізгі түсініктері қандай?
6. Акуинолық Томас алғаш қарастырған габитус тұжырымдамасын қалай қолдануға болады?
7. Акуинолық Томас философияға диспозиция ұғымын енгізуін қалай түсіндіреді?
8. Томастың субстанция мен акциденция арасындағы байланыстар концепциясы қандай жаңа қолданысқа ие болды?

Әдебиет

1. Anthony Kenny. Medieval Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 2. – Oxford University Press. – 2014. – 352 p.
2. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2 том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 400 б.
3. Рассел Б. История западной философии. В двух книгах. Книга 1. – М.: Миф, 1993. – 512 с.
4. Соколов В.В. Средневековая философия. – М.: Высш. школа, 1979. – 448 с.